

Шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік
кәсіпорын

Бекітемін

Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ

ШЖҚ РМҚ ректоры

Шаймарданов Ж.Қ.

« 22 » 09 2017 ж.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс
Қазақстан мемлекеттік техникалық
университеті

Қазақстан Республикасының білім
және ғылым министрлігі

**БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-НЫСАНАЛЫ, ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУ ҮШІН
ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар
3. Сатып алу процессі
4. Екі сатылы тәртіпті қолдана отырып ашық конкурс тәсілі арқылы сатып алуды ұйымдастыру және өткізу
5. Конкурсдық құжаттама
6. Екі сатылы тәртіпті қолдана отырып ашық конкурс тәсілі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жүргізілгені туралы әлеуетті жеткізушілерге хабарлама
7. Конкурсдық құжаттаманы ұсыну
8. Конкурсқа қатысу туралы өтінім
9. Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді ұсыну
10. Конкурсқа қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету
11. Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдердің конверттерін ашу
12. Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қарастыру (конкурсқа қатысу туралы рұқсат)
13. Конкурсдық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру (конкурс)
14. Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурс арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қорытындысы туралы хаттама
15. Конкурс арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізілмеген деп қабылдаудың нәтижесі
16. Келісім-шартты жасау және орындау
17. Қорытынды ереже
18. Қосымшалар

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы ережелері

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңының 2 бабының 2 тармағына (13.11.2015 ж. өзгертулері мен толықтырылулар енгізілген) сәйкес әзірленген және «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының (ары қарай - ЖОО) бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен ғылыми зерттеулерді жүргізуге қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар

2.1. Осы Ережелерде төмендегідей ұғымдар қолданылады:

- 1) келісім-шарт – сатып алу қорытындысы бойынша жасалған Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы келісім;
- 3) Тапсырыс беруші - ЖОО;
- 4) сатып алулар – Тапсырыс берушінің ақылы негізде бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен ғылыми зерттеулерді жүргізуге қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;
- 5) ғылыми бөлімше – ғылыми зерттеулерді өткізуге жауапты ЖОО мүдделі құрылымдық бөлімше;
- 6) сатып алуды ұйымдастырушы – сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты ЖОО құрылымдық бөлімшесі;
- 7) Жұмыстарды, қызметтерді отандық жеткізуші – Қазақстан Республикасының 95% (тоқсан бес пайызынан) кем емес жергілікті еңбек ресурсын жұмыстарды жүргізу, қызметтерді көрсету үшін пайдаланатын, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын физикалық және (немесе) заңды тұлғалар;
- 9) Жеткізуші - тапсырыс берушімен жасасқан сатып алу туралы шартта оның қарсы агенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді ескермегенде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа көрсетілмеген болса), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы);
- 10) әлеуетті жеткізуші – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді ескермегенде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында олар үшін басқа көрсетілмеген болса), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы).
- 11) резиденттер – Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының азаматтары, сонымен қатар, уақытша шетелде жүрген немесе шет елде мемлекеттік қызметтегі азаматтар, шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес тұрақты тұру құқығының құжаттары бар азаматтардан басқа; Қазақстан Республикасының тұрақты тұру құжаты бар шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар; Қазақстан Республикасының, оның аумағында тұратын жері бар, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде; дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері бар барлық заңды тұлғалар
- 12) келісу – келісім-шарттың келісім парағында келісілуші бөлімшелердің, жетекшілердің немесе оларды алмастырушы тұлғалардың қол қою арқылы келісім-шарттың мәтінімен келісім нәтижесі арқылы келіскендігін растау нысаны;

13) тауарлар, қызметтер, жұмыстар - нәрсе (зат), оның ішінде жартылай фабрикат немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, қызметтер, жұмыстар шығармашылық интеллектуалдық қызмет нәтижелері, және де ғылыми ізденістермен, жаңа білім алу мен және бар ілімді ары қарай кеңейту мақсатында тәжірибелерді және зерттеулерді жүргізумен, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын орнату, жобалардың ғылыми негіздемелерімен байланысты Қазақстан Республикасының сату және сатып-алу келісімін жасауға болатын заттық құқығы.

14) конкурстық комиссия - Қағидаларда көзделген конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган.

15) Конкурста қатысудың өтінімін қамтамасыз ету – ол енгізеді әлеуетті жеткізуші, конкурсқа қатысуға үміткер, кепілдік ретінде, өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін берудің соңғы күні өткеннен кейін өзгертпейді немесе қайтарып алмайды, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы келісім-шарт жасайды

16) конкурстық құжаттама – конкурс тәсілімен сатып алуды өткізудің шарттары мен тәртібі қамтылатын, конкурсқа қатысуға арналған өтінімді әзірлеу үшін әлеуетті жеткізушіге берілетін құжаттама;

17) қызмет – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған заттық нәтижесі жоқ, нәтижесі бар әлеуетті жеткізушінің кәсіпкерлік қызметі.

18) демпингтік баға – тауар, жұмыс, қызметті сатып алудың келісім-шартын жасау мақсатында тауар, жұмыс, қызметті төмен бағамен ұсынуға сәйкес конкурс қатысушысының конкурстық ұсыныс бағасы.

19) жұмыстар – ғимараттың, үймереттердің немесе басқа объектілердің құрылысымен, қайта жөндеуімен, бұзуымен немесе жөндеуімен, шикізат кен орындарын жайластыруға, сонымен қатар, құрылыс алаңын дайындау, жерді ойып алумен, ғимарат салумен, жабдықтарды, материалдарды және инженерлік желілерді монтаждаумен, әрлеу жұмыстарымен, және де құрылыс және шикізат кен орындарын жайластырудың ілеспелі қызметтері (бұрғылау, геодезиялық жұмыстар, спутниктік түсірілім, сейсмикалық зерттеулер, геологиялық қызметтер, құрылыс немесе өндіруші жабдықтарды жалдау) байланысты, жұмыстарды сатып алу, егер осы қызметтер құнынан аспайды, ең салуды немесе орналастыруды шикізат кен орны ұсынылатын туралы келісім-шартқа сәйкес кез келген жұмыстар.

3. Сатып алу процессі

3.1. ЖОО бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен ғылыми зерттеулерді жүргізуге қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу келесі қағидаларға негізделген:

- 1) сатып алу үшін бөлінген ақшалы қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалану;
- 2) сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
- 3) сатып алу процесінің жариялылығы және ашықтығы;
- 4) сатып алудағы қазақстандық мазмұнның көбеюі;
- 5) инвестициялық жобалардың нәтижелі орындау;
- 6) сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау;
- 7) ЖОО алға қойған мақсаттары мен мәселелерге жеткізуді қамтамасыз ету.

3.2. Сатып алу процессіне кіреді:

- 1) бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен ғылыми зерттеулерді жүргізуге қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу екі сатылы тәртіп қолданылатын ашық конкурсты өткізу туралы бұйрықты әзірлеу және бекіту;
- 2) конкурстық комиссия құрамын, конкурстық құжаттаманы, техникалық тапсырманы әзірлеу және бекіту;
- 3) Хабарландыру мәтінін БАҚ (кемінде үш рет шығатын таралыммен) немесе ЖОО ресим сайтында әзірлеу және орналастыру;
- 3) Жеткізушінің таңдауы;
- 4) Сатып алу туралы келісім-шартты жасау және орындау.

3.3. Бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен ғылыми зерттеу жүргізу үшін тауарларды, жұмыстарды және ұсыныстарды сатып алу туралы бұйрық ЖОО сатып алуды ұйымдастырушылармен әзірленеді және енгізіледі.

3.4. Бұйрық келесідей мәтінде болуы тиіс:

- жобаның атауы, гарнттың немесе ғылыми-техникалық бағдарлама атауы, «ҚР БҒМ Ғылым комитеті» ММ-мен келісім-шарттың нөмері және күні, орындалатын жоба аясындағы нормативті-құқықтық құжаттардың (бар болған жағдайда) нөмері мен күні;
- тауардың, жұмыстың, қызметтің атауы;
- олардың қажетті саны мен көлемі;
- тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізі орны мен мерзімі көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық сипаттамасы (сипаты).

3.5. Келісім-шарт жобасы сатып алудың ұйымдастырушысымен әзірленеді. Келісім-шарттың жобасы қамтуы тиіс, бірақ шектелмейді:

- Келісім-шартты жасау күні мен орны;
- Келісім-шарт тараптарының атауы;
- Келісім-шарттың мәні;
- Міндеттердің мерзімі, тәртібі, тәсілі және орындалу орны;
- Келісім-шарт соммасы;
- Есептеу тәртібі және түрі;
- Тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсеті, жұмыстарды орындау шарттары;
- Тауардың жиынтықтылығы, ассортименті (тауар сатып алған жағдайда);
- кепілдік міндеттемелері (тауар, жұмыс, қызмет сапасының кепілділігі);
- тараптардың міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайдағы жауапкершіліктері;
- еңсерілмейтін күш жағдайларының тізбесі;
- келісім-шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі, оны бұзу;
- құпиялылықты сақтау шарты (қажет болған жағдайда);
- келісім-шарт бойынша дауларды шешу тәртібі;
- сот ескертпесі, келісі-шарт жасалатын тіл, келісім-шарт данасының саны және т.с.с.

келісім-шарттың жалпы ережелері;

- Тараптар реквизиттері;
- Тараптардың өкілдері қол қоятын орны;
- Техникалық тапсырма, Техникалық сипаттамалар

3.6. Келісім-шарт жобасы келесі бөлімшелерге талқылау үшін жіберіледі:

1) экономикалық қызмет тұрғысынан:

- ЖОО бекітілген бюджетпен келісім-шарт жобасында көрсетілген шығындар сәйкестігі және ЖОО мүдделері/талаптары ақы төлеу жағдайына, және де сәкесінше тауарларға, жұмыстарға және/немесе қызметтерге ортақ рыногті бағасына сәйкестігі..

2) бухгалтерлік қызметке:

- амалдарды және/немесе жағдайларды растайтын бастапқы құжаттардың тізімі келісім-шарт бөлімін есебін өткізу жағдайы;
- келісім-шарт бойынша арифметикалық есептердің дұрыстығы;
- жасалған келісім-шарт бойынша есептеу кезіндегі салық салу;
- ЖОО банктік реквизиттердің дұрыстығы.

3) Заң қызметіне - құқықтық сараптама жүргізу үшін:

- Келісім-шарт мәтінінің ҚР заңнамасына, ЖОО Жарғысына және ЖОО ішкі нормативті құжаттарына сәйкестігі;

- Келісім-шарт жасауға қажетті құжаттар топтамасының толықтығы;

- Келісім-шарт жасағаннан кейін пайда болған заңды қауіптерді анықтау.

Келісім-шарт жобасы қағаз нұсқада және электронды түрде келісілетін бөлімшелерге жіберілуі мүмкін. Келісім-шарттың барлық қосымшалары мен келісім беті тек қана қағаз нұсқада жіберіледі.

Келісім-шарт жобасын қарастыру мерзімі келісілетін бөлімшелерге келіп түскен уақыттан бастап 2 (екі) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Барлық ескертпелер құжат мәтінінде жазбаша түрде көрсетіледі (өзгертілген және толықтырылған түрде) немесе оған қосымша беріледі және сатып алуды ұйымдастырушылар мен келісілетін бөлімшелермен жұмыс тәртібінде өзгертіледі.

Ескертпелер мен толықтырулар енгізілген келісім-шарттың соңғы жобасы келісілетін бөлімше арқылы заң қызметіне ұсынылады. Келісім-шарттың соңғы жобасының заң қызметінде қарастырылу мерзімі 1 (бір) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Келісім-шарт жобасына ескертпелер болмаған жағдайда немесе ескертпелерді жөндегеннен кейін сатып алуды ұйымдастырушы жобаны келісім-шарттың келісім бетінде барлық келісілетін бөлімшелермен келісілуі қою тиіс..

3.7. Жеткізуші таңдауы келесі тәсілмен жүзеге асады: екі сатылы тәртіп қолданылатын ашық конкурс.

3.8. ЖОО өткізілетін сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізуші төмендегідей квалификациялық талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1. Құқық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігі (физикалық тұлғаларға) болуы;

2. Төлем қабілеттілігінің болуы, бюджетке салықтар және басқа да төленетін міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ болуы;

3. банкрот немесе таратылу рәсімдеріне жатқызылмауы.

4. Әлеуетті жеткізуші, қызметті сатып алуға қатысатын үміткер, жалпы квалификациялық талаптардан басқа қызметтер мен жұмыстарды сатып алу туралы келісім-шарт міндеттерін орындау үшін профессионалды квалификациясы бар мамандар туралы квалификациялық талапқа сәйкес болуы тиіс.;

5. ҚР резиденті емес Әлеуетті жеткізуші сатып алу процессіне қатысуы үшін оның квалификация талаптарына сәйкестігін растау үшін ҚР резиденттерімен бірге сол құжаттарды немесе сол құжаттарға ұқсас құжаттарды тапсырады.

6. Квалификациялық талаптар осы бөлімнің 2,3,4 тармақтарында көрсетілген, физикалық және заңды тұлғаларға таралады.

Әлеуетті жеткізушімен қосалқы мердігерлерді (қосалқы орындаушылар) тарту жағдайында әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға қосалқы мердігерлердің квалификациялық талаптарға сай екендігін растайтын құжаттарды осы ережелермен көрсетілген тәртіпте ұсынады.

4. Екі сатылы тәртіпті қолдана отырып ашық конкурс тәсілі арқылы сатып алуды ұйымдастыру және өткізу

4.1 Сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды конкурс арқылы ұйымдастырады және өткізеді.

4.2 Конкурста конкурсқа қатысу туралы өтінімдердің қорытындысы бойынша конкурстық комиссиямен анықталған конкурстық талаптарға және конкурстық құжаттамалар талаптарына және конкурстың қатысушысы деп танылған әлеуетті жеткізушілер қатысады. В конкурсе участвуют потенциальные поставщики, определенные конкурсной комиссией.

4.3 Конкурс комиссиясымен кемінде екі әлеуетті жеткізушіні таныған жағдайда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу конкурсы өткізілді деп есептелінеді.

5. Конкурстық құжаттама

5.1 Конкурстық құжаттама сатып алуды ұйымдастырушымен әзірленеді және тапсырыс берушінің бірінші жетекшісімен немесе оның уәкілетті өкілімен бекітіледі

5.2 Конкурстық құжаттамада Тапсырыс берушінің жеткізілетін тауар, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызметтің сәйкестігінің анықтамасы талаптары болып тиіс, сонымен қатар:

- 1) Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапсына, техникалық сипаттамасы және де олардың қауіпсіздігі;
- 2) Тауарлардың функционалды және эксплуатациялық сипаттамалары (тұтынылу ерекшелігі);
- 3) Тауардың өлшемі, қаптамасы, тиелімі, мерзімі және жеткізу орны, саны, кепіл мерзімі;
- 4) Жұмыстың, қызметтің нәтижелеріне;
- 5) Толтырылған өтінімдер конкурстық құжаттаманың Қосымшасына сәйкес.

5.3 Конкурстық құжаттамада осы конкурстың мәні болып табылатын тауарды, жұмысты, қызметті сатып алуға бөлінген сомма туралы ақпарат болуы тиіс.

5.4 Конкурстық құжаттамада неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау мақсатында конкурстың жеңімпазын анықтау кезінде конкурстық комиссия мынадай критерийлер есепке алынуы тиіс:

- 1) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуда сәйкес нарықта тәжірибесі болуы тиіс;
- 2) техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңдарына әлеуетті жеткізушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сәйкес болуы;
- 3) мемлекеттік стандарттары талаптарына сәйкес болуы конкурсқа қатысушының сертификатталған менеджмент жүйесінің болуы мақұлданады, бірақ міндетті емес.

5.5 Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға мынадай қосымша критерийлерді көздеуге құқылы:

- 1) Тауарлардың функционалды, техникалық жәнесапалы сипаттамалары;
- 2) Сатып алынатын тауардың тасымалдауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге шығындары.
- 3) Өндіру және жеткізу.

6. Екі сатылы тәртіпті қолдана отырып ашық конкурс тәсілі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жүргізілгені туралы әлеуетті жеткізушілерге хабарлама

6.1 Екі сатылы тәртіпті қолдана отырып ашық конкурс тәсілі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы екі сатылы тәртіпті қолдана отырып ашық конкурс тәсілі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы хабарламаны бұқаралық ақпараттық құралдарында немесе ЖОО ресми сайтында әлеуетті жеткізушінің өтінімдерін ұсынуына соңғы күніне дейін кемінде үш күн қалғанда жариялайды.

6.2 Егер ашық конкурс тәсілі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді еінші қайтара сатып алуды жүзеге асыру үшін сатып алуды ұйымдастырушы бұқаралық ақпарат құралдарында немесе ЖОО ресми сайтында әлеуетті жеткізушінің өтінімдерін қайта ұсынуына соңғы күніне дейін кемінде үш жұмыс күні қалғанда қайта жариялайды.

7. Конкурстық құжаттамаларды ұсыну

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шешім қабылдаған кезінен бастап ЖОО хабарландыруды БАҚ немесе ЖОО ресми сайтында (<http://www.ektu.kz>) жарияланды және конкурстық құжаттамаларды орналастырады.

8. Конкурсқа қатысу туралы өтінім

8.1 Конкурсқа қатысу туралы өтінім конкурсқа қатысушы үміткер әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптар мен жағдайларда тауарды жеткізіп беруге, жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге келісім берген түрі болып табылады.

8.2 Конкурсқа қатысушы үміткер әлеуетті жеткізуші өтінімді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде қағаз түрінде ұсынады.

9. Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді ұсыну

9.1 Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдер конкурсқа қатысушы үміткер әлеуетті жеткізушімен сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттамаға сәйкес оларды ұсынудың соңғы мерзіміне дейін желімделген конвертте ұсынылады. Негізгі бет лоттың атауы көрсетілген еркін нысанда толтырылады.

9.2 Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысушы үміткер әлеуетті жеткізуші өзінің өтінімін дайындау және ұсыну бойынша шығындарды, және де сатып алуды ұйымдастырушымен өткізілетін кездесулерді өз мойнына алады. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сарапшылар комиссиясы (сарапшы) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың қорытындысынан тәуелсіз осы шығындарды қайтарып беруге жауапты емес.

9.3 Конверттегі өтінімнің негізгі беті лоттың атауы көрсетілген еркін нысанда толтырылады.

9.4 Конкурсқа қатысу туралы өтінім конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім бойына өз күшін жоғалтпайды.

9.5 Конкурсқа қатысу туралы өтінім оларды ұсынуды соңғы күні өткеннен кейін ұсынылған болса ашылмайды және әлеуетті жеткізушіге қайтарылып беріледі.

10. Конкурсқа қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету

10.1 Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамада көзделген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізуге конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді міндетті.

10.2 Конкурсқа қатысушы үміткер әлеуетті жеткізушімен ұсынылатын өтінім банктік кепілдеме түрінде конкурсқа қатысуды қамтамасыз етіледі.

10.3 Конкурсқа қатысу туралы өтінім сатып алуды ұйымдастырушымен келесі жағдайларда қайтарылмайды:

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзім өткеннен кейін өтінімді қайтарып алса немесе өзгертсе ;

2. Конкурсқа рұқсаты бар әлеуетті жеткізуші (конкурсқа қатысушы) өзінің баға ұсынысын қайтарып алса немесе уақытында ұсынбаса;

3. Әлеуетті жеткізуші тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы келісім-шартты жасасқаннан кейін оны орындаудан бас тартса немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы келісім-шартты жасасудан бас тартса.

10.4 Сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге конкурсқа қатысуға өтінімді келесі жағдайлар бірі туындаған жағдайда үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1. тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы келісім-шарттың заңды күшіне енуі;

2. тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу процедурасы конкурстың жеңімпазы анықталмаса, және де тапсырыс берушінің тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сатып алуды өткізуден бас тартса тоқтатылады;

3. конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін кері қайтарып алуға.

11. Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдердің конверттерін ашу

11.1 Конкурстық комиссия екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдердің конверттерін (конкурстық құжаттама жетекшінің қолы, мөр қойылған, нөмірленген және тігілген болуы керек, техникалық тапсырма конкурстық құжаттамамен бірге немесе бөлек салынады және де жетекшінің қолы, мөр қойылған, нөмірленген және тігілген болуы керек) конкурстық құжаттамада көрсетілген орында және уақытында ашады.

11.1 Конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізуші немесе оның уәкілетті өкілі конкурсқа қатысу туралы өтінімдер бар конвертті ашу кезінде қатысуға құқығы бар.

11.2 Конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізуші немесе оның уәкілетті өкілі конвертті ашу кезінде конкурстық комиссия қызметіне араласпауы тиіс.

11.3 Конкурстық комиссия өтінімдерді ашу хаттамасын ашу кезінен кейінгі күнінде бір күн ішінде дайындалуы тиіс

11.4 Конкурсқа қатысу туралы өтінім хаттамасы конвертті ашу кезінде қатысқан барлық мүшелермен және де комиссия хатшысымен қол қойылады.

11.5 Конкурсқа қатысу туралы өтінім хаттамасының көшірмесі конвертті ашу кезінде қатысқан әлеуетті жеткізушілерге (олардың өкілдеріне) конвертті ашу кезінен кейінгі күнінде бір күн ішінде, ал қатыспағандарға қағаз сұрату жібергеннен кейін және сол сұратынымды алғанан бастап екі жұмыс күнін ішінде ұсынылады.

11.6 Конкурсқа қатысу туралы өтінімдердің хаттамасында қамтылған барлық мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті жеткізушілерге конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде танысу үшін ақы алмастан қолжетімді болуы тиіс.

12 Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қарастыру (конкурсқа қатысу туралы рұқсат)

12.1 Конкурсқа қатысу туралы өтінімдер конкурстық комиссиямен конкурсқа қатысатын үміткерлердің ішінен әлеуетті жеткізушілерді квалификациялық талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетіндерін таңдап алу үшін қарастырылады.

12.2 Қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық комиссияның сараптама комиссиясын құруға немесе конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды жасауға, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікті анықтауға құқылы.

12.3 Конкурстық комиссияның шешім қабылдауы кезінде сарапшылардың дауыс беру құқығы жоқ. Сонымен бірге заңсыз шешім қабылданғаны үшін сарапшылар қорытынды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

12.4 Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия құқығы бар:

1) конкурсқа қатысуға өтінім берушілерден конкурсқа қатысуға өтінімдерді сараптауға, бағалауға және салыстыруды жеңілдету мақсатында жазбаша нысанда материалдар мен түсініктемелер сұратуға;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған ақпаратты нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға.

12.5 Конкурстық комиссия, конкурстық өтінімде өтінімнің мазмұнын бұзбайтын түзетілуі мүмкін грамматикалық немесе арифметикалық қателері бар болса бірақ, конкурстық құжаттаманың талаптарын қанағаттандыратын болса қарастырады.

12.6 Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатыса алмайды (конкурстың қатысушысы бола алмайды), егер:

1) Ол және (немесе) оның қосалқы мердігері немесе бірлесіп орындаушысы квалификациялық талаптарға сай емес деп танылса;

2) Егер әлеуетті жеткізуші осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе, онда:

3) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың қорытындылары туралы хаттамада оны осындай өтініш берген әлеуетті жеткізушіге беруден бас тарту себептерін көрсетеді.

12.7 Конкурсқа қатысу өтінімдерін растыру нәтижесінде конкурстық комиссия анықтайды:

1) квалификациялық талаптарға және конкурстық құжаттамаға сай келетін әлеуетті жеткізушілерді;

12.8 Конкурсқа қатысуға рұқсат туралы хаттама отырысқа қатысқан барлық мүшелермен, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысымен қол қойылады.

12.9 Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысу туралы өтінім хаттамасының көшірмесін конкурсқа көрсетілген мерзімде өтінімдерін жіберген әлеуетті жеткізушілерге хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жібереді.

13 Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру (конкурс)

13.1 Конкурсқа қатысу туралы өтінім хаттамасында көрсетілген күні конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушілер сатып алуды ұйымдастырушыға бағалық ұсыныстарын ұсынады, және олар сатып алуды ұйымдастырушының сәйкесінше журналында тіркеледі.

13.2 Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің (конкурсқа қатысушылардың) конкурстық бағалық ұсыныстарын салыстыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысында әлеуетті жеткізушілердің өкілдері қатыса алады.

13.3 Бағалық ұсыныстың мазмұнына талаптар: әлеуетті жеткізушінің бағалық ұсынысы бір бірлік бағасын, және де тауардың, жұмыстың, қызметтің жалпы бағасын НДС-пен болуы тиіс, оның ішінде оларды тасымалдау және сақтандыру шығындары, кедендік төлемдерді төлеу, басқа салықтар, жиындар, және де тауарларды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті ұсынудың басқа шығындары; әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы Тендерлік құжаттамада көрсетілген Тапсырыс берушінің талаптары бойынша ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы / түпкілікті бағасы, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жалпы / түпкілікті бағасы үшін жеңілдік болуы мүмкін. Егер әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада және (немесе) баламалы жағдайларда жеңілдіктерде көрсетілген Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жалпы / түпкілікті баға бойынша жеңілдіктерді ұсынса, онда баға ұсыныстары көрсетілген жеңілдіктерді ескере отырып, жалпы / жалпы бағасы болуы тиіс; әлеуетті өнім берушінің конкурстың (лоттың) бағасын төмендету туралы бір қосымша баға ұсынысын ұсыну мүмкіндігі туралы, тиісті тендер (лот) атауын көрсете отырып және талаптарға сәйкес. Бағаны төмендету үшін қосымша баға ұсынысы конкурсқа қатысуға өтінімдердің мазмұны туралы хабарлағаннан кейін және конкурстық комиссия төрағасының тиісті хабарландыруынан кейін ұсынылуы мүмкін. Егер әлеуетті жеткізушінің бағасын төмендету туралы қосымша баға ұсынысы конкурсқа қатысуға өтінімнің бөлігі ретінде ұсынылған баға ұсынысынан жоғары болса, конкурстық комиссия бұл қосымша баға ұсынысын ескермейді.

13.4 Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің (конкурстық қатысушылардың) конкурстық өтінімдерін қабылдамайды, егер: 1) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға болатын бағадан асырылып көрсетілсе.

13.5 Конкурстық комиссия конкурстың жеңімпазын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің ең төмен бағасы немесе ең жақсы қасиеттері мен технологиялық сипаттамалары негізінде анықтайды. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған конкурстың қатысушысы ең төменгі шартты бағадан кейін бағаның негізінде анықталады.

Егер конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары немесе жеткізілетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен технологиялық сипаттамалары бірдей болса, конкурсқа қатысушы конкурстық баға ұсыныстарын салыстыру және салыстыру нәтижесі бойынша екінші орынды иеленген конкурстың жеңімпазы немесе жеткізілетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен технологиялық сипаттамаларын салыстыру) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы, оның ішінде конкурстың мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұқсас түрлеріне арналған тәжірибесі мол бәсекелестік. Егер шартты баға тең бірнеше әлеуетті өнім берушілердің тәжірибесі бірдей болса, конкурсқа қатысушы конкурстың қатысушысы болып табылса, конкурсқа қатысуға өтінім бұрын басқа әлеуетті өнім берушілердің тендеріне қатысуға өтінім берген конкурстың жеңімпазы (конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орынды иеленуші).

14 Екі сатылы тәртіп қолданылатын конкурс арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қорытындысы туралы хаттама

14.1 Конкурса жіберілген әлеуетті өнім берушілердің (конкурса қатысушылардың) конкурстық өтінімдерін және конкурстық өтінімдерін салыстыру және салыстыру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурстағы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу нәтижелері туралы хаттаманы екі мәрте рәсімдерді пайдалана отырып жасайды, оған жиналысқа қатысқан барлық мүшелер қол қояды, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы.

14.2 Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін конкурса қатысуға өтінім берген кез-келген әлеуетті өнім берушінің талабы бойынша конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындыларын шығарғаннан кейін табыс етеді.

15 Конкурс арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізілмеген деп қабылдаудың нәтижесі

15.1 Егер конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу өткізілмеген деп танылса тапсырыс беруші төмендегі шешімдерді қабылдауға құқылы:

- 1) Конкурсты қайта өткізуге;
- 2) Конкурстық құжаттаманы өзгертуге және конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды қайта өткізуге;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды бір көзден өткізуге.

15.2 Конкурса тек бір әлеуетті жеткізуші қатысатына, тек бір ғана бағалық ұсынысқа байланысты конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу өткізілмеген деп танылса тапсырыс беруші сол қатысушымен бір көзден тауарды, жұмысты, қызметті сатып алу туралы келісім-шарт жасасуға құқылы. Бұл ретте бір көзден тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу туралы келісім-шарт өтінімдегі қатысу туралы өтінімде көзделген шарттарға негізделеді және оған жасалған келісім-шарттың бағасы оның бәсекеге қабілетті баға ұсынысының бағасынан аспауы тиіс.

16. Келісім-шартты жасау және орындау

16.1 Контрагенттермен келіссөздер жүргізу және келісімшарт жасау туралы мәселелер бойынша келіссөздерді сатып алуды ұйымдастырушы белгіленген тәртіппен ғылыми бөліммен бірлесе отырып жүзеге асырады.

16.2 ЖОО атынан келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін сатып алуды ұйымдастырушы келісімшартты контрагент тарапынан 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде қойдыртуға міндетті.

16.3 Екі тарап қол қойғаннан кейін келісім-шарт тіркеуге беріледі. Келісім-шарт ЖОО келісім-шарттарын тіркеудің электрондық тізімінде (бұдан әрі - Регистр) тіркеледі. Келісім-шартқа заң қызметтеріне ұсынылған уақытынан бастап сериялық нөмір беріледі. Барлық қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, басқа да кемшіліктерді анықталса немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзушылықтар анықталса заң қызметі бұзушылық жойылғанға дейін келісім-шартты тіркеуден бас тартуға құқылы.

16.4 Тіркелгеннен кейін қол қойылған келісім-шарттың 1 (бір) данасы, барлық қосымша келісілген құжаттармен ҒЗЖЖИҚ басқармасына сақтауға өткізіледі.

16.5 Контрагенттерден келіп түскен келіспеушіліктер туралы хаттамалар келісімшарттардың жобалары сияқты қарастырылады.

16.6 Жасалған шарттардың қолданыстағы орындалуын бақылауды жүзеге асыру, оларды жүзеге асырудың толықтығын сатып алуды ұйымдастырушымен бірлесіп ғылыми бөлімше жүзеге асырады.

17. Қорытынды ереже

17.1 Осы Ереже ЖОО Ғылыми кеңесімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

17.2 Осы Ереже толықтырулар мен өзгертулер ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімімен енгізіледі. Өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін олар осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады.

18. Қосымшалар

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК-ның гранттық, мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы ережеге 1-қосымша

Гранттық, мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы БҰЙРЫҚ

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК-ның (бұдан әрі – Университет) конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі ережесіне, **Гранттық, мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы ережесіне сәйкес,**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ережені қолданып, _____ тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алуды жүзеге асыру.
2. Ережеге сәйкес конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру мақсатында тақ сан мөлшерінде төмендегі құрамда комиссия құрылсын:
Төраға:
Төрағаның орынбасары:
Комиссияның мүшелері (4 адамнан кем емес):
Комиссияның хатшысы:
3. Осы бұйрықтың қосымшасына орай Тізбеге енгізу үшін әлуетті жеткізушілердің біліктілік бойынша іріктеуді өткізу туралы Хабарландырулары мен Хабарламаларының мәтіні бекітілсін.
4. Ережені қолданып, _____ (тауарлар, жұмыстар, қызметтер атауы) келісім шартын жасау кезінде төмендегі мерзімдер бекітілсін:
- әлуетті жеткізушімен келісім шарт жасау үшін, оның қажетті құжаттаманы Университетке ұсыну мерзімі Университетке ақшалай қаражаттың түсу сәтінен бастап – _____ күннен артық емес.
5. Осы бұйрық оған қол қойылған сәттен бастап өз күшіне енеді.

Ректор

(аты-жөні)

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК-ның гранттық, мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы ережеге 2-қосымша

Тауарлар, жұмыстар, қызметтер жеткізу құжаттамасы мен мерзіміне қойылатын талаптар

_____ (сатып алуды Ұйымдастырушының атауы, пошталық және электронды адресі) төмендегі тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алу жөніндегі әлуетті жеткізушілер қатарына енгізу үшін біліктілік бойынша іріктеуді өткізу туралы хабарлайды: _____ (тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алудың атауы).

Тауар жеткізілу (жұмыстар орындалу/қызметтер көрсетілу) қажет: _____ (тауарлар, жұмыстар, қызметтер жеткізу орны және олардың көлемі көрсетіледі).

Тауарлар жеткізудің (жұмыстар орындаудың/қызметтер көрсетудің) талап етілетін мерзімі _____.

Әлуетті жеткізушілер қатарына енгізу үшін біліктілік бойынша іріктеуді өткізу туралы ақпаратты «__» _____ 201__ жылға дейінгі мерзімде (соңғы күнді қоса) алуға болады (Әлуетті жеткізушілердің біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтінімдері бар конверттерді ашуға дейін 24 сағат бұрын уақыты мен күнін көрсету керек) келесі адрес бойынша: <http://www.ektu.kz>

Конвертке салынған біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтінімдері _____ (сатып алуды Ұйымдастырушының атауын көрсету) келесі адрес бойынша: _____ (толық адресі көрсету) ұсынылады (жіберіледі).

Біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтінімдерін ұсынудың ең соңғы мерзімі _____ дейін.

Біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтінімдері бар конверттер _____ (уақыт пен күнді көрсету) төмендегі адрес бойынша: _____ (толық адресі көрсету) ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы келесі телефон арқылы алуға болады: _____ (қала кодын және телефона номерін көрсету).

Тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алуды Ұйымдастырушының уәкілетті өкілі _____ (аты-жөнін, лауазымын және байланыс телефонын көрсету).

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК-ның гранттық, мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы ережеге 3-қосымша

Тауарлар, жұмыстар, қызметтердің әлуатті жеткізушілері туралы мәліметтер

Сатып алады	Ұйымдастырушының атауы	және	орналасқан орны:
Тапсырыс берушінің атауы және орналасқан орны:			
Сатып алады өткізу мәні болатын тауарлар саны, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі			
Тауар	жеткізу,	жұмыс орындау,	қызмет көрсету орны

Тауар жеткізу, жұмыс орындау, қызмет көрсету бойынша талап етілетін мерзімдер, ұсынылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер сапасына берілетін кепілдеме _____

Төлем жасау шарттары _____

Әлуатті жеткізушімен дайындалған біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтінімі, сондай-ақ біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтініміне қатысты барлық корреспонденция мен құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде. Егер әлуатті жеткізуші оларды басқа тілде құрайтын және ұсынатын болса, онда оның дәл аударылған (нотариалды түрде расталған) аудармасы қоса беріледі.

Білікті әлуатті жеткізушілер қатарына енгізу үшін біліктілік бойынша іріктеуге төмендегі біліктілік талаптарына сай келетін барлық әлуатті жеткізушілерге қатысуға рұқсат беріледі:

1) құқықтық қабілеттілікке (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іске жарамдылыққа (жеке тұлғалар үшін) ие болу;

2) төлем жасауға қабілетті болып табылу, салық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не болмаса жойылу процедурасына жатпау;

4) сатып алу туралы келісім шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті мөлшерде материалдық, қаржы және еңбек ресурстарын иелену.

Егер әлуатті жеткізуші жұмыстар не болмаса қызметтер субмердігерлерін (бірлесіп орындаушыларды) тартуды ескеретін болса, онда әлуатті жеткізуші тартылатын субмердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестілігін растайтын құжаттарды сатып алуды Ұйымдастырушыға ұсыну керек.

Сол сияқты біліктілік бойынша іріктеуге қатысу өтінімінде сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды орындайтын субмердігерлер (қызмет көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы және әлуатті жеткізушінің субмердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) барлық жұмыстардың, қызметтердің үштен екі бөлігінен артық көлемін субмердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруіне тыйым салу шарттары туралы мәліметтер болу керек.

Қазақстан Республикасының резиденті емес әлуатті жеткізушінің біліктілік талаптарына сәйкестілігін растау үшін, ол Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды, не болмаса Қазақстан Республикасының Әлуатті жеткізушісінің – нерезидентінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтері бар құжаттарды ұсынады.

Әлуатті жеткізуші біліктілік талаптары бойынша іріктеуге қатысу өтінімін сатып алуды Ұйымдастырушыға тігілген, беттері номерленген күйде ұсынады, және де соңғы беті оның колтаңбасымен және мөрмен расталады.

Тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алудың біліктілік іріктеуіне қатысуға тілек білдірген әлуатті жеткізуші өтінімді, оның ең соңғы мерзімінің аяқталуына дейін жабылған конвертке салып береді, оның беткі жағында әлуатті жеткізушінің толық атауы және пошталық адресі (егер ол «кешіккен» деп жарияланған болса, онда өтінімді ашылмаған күйде қайтару мақсатымен), сондай-ақ «...ДЕЙІН АШУҒА БОЛМАЙДЫ деген мәтін: (өтінімді ашу күні мен уақытын көрсету)» көрсетіледі.

Белгіленген мерзім аяқталған соң ұсынылған өтінімдерді тіркеу журналына тіркелмейді, ашылмайды және әлуатті жеткізушіге қайтарылады. Осы Ережемен белгіленген мерзім ішінде сатып алуды Ұйымдастырушы өтінімдері бар конверттерді қабылдайды. Сатып алуды Ұйымдастырушы өтінімдерді тіркеу журналында төмендегі мәліметтерді көрсетеді:

1) конкурс тәсілімен тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алудың атауы және өткізу мерзімі;

2) тапсырыс беруші мен сатып алуды Ұйымдастырушының толық атауы, олардың пошталық адресі;

3) уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты;

4) әлуетті жеткізушінің толық атауы және пошталық адресі;

5) өтінімі бар конвертті тіркеу күні мен уақыты;

6) әлуетті жеткізушінің өтініміне енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат.

Сатып алуды Ұйымдастырушы өтінімдері тіркеуге қабылданбай, осындай қабылдамау себебі баяндалған әлуетті жеткізушілерді өтінімдерді тіркеу журналында атап көрсетеді.

Өтінімдерді тіркеу журналы сатып алуды Ұйымдастырушының уәкілетті өкілдімен тігілген, беттері номерленген және парафирленген күйде болу керек, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды Ұйымдастырушы бір тұлғаның атынан шыққан жағдайда - конкурстық комиссияның хатшысы өтінімдерді тіркеу журналының соңғы беті сатып алуды Ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

Әлуетті жеткізуші өтінімдерді ұсынудың ең соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өз өтінімін өзгертуге немесе қайтаруға құқылы. Өзгерістерді енгізу өтінімнің өзі сияқты дайындалады, конвертке жабылып, ұсынылады.

Өтінімді қайтару туралы хабарлама сатып алуды Ұйымдастырушының атына еркін түрде жазылған, әлуетті жеткізуші қол қойған және мөрмен бекітілген өтініш сияқты ресімделеді.

Өтінімге өзгерістер енгізу не болмаса өтінімді қайтару шынайы болып табылады, егер оларды сатып алуды Ұйымдастырушы өтінімдерді ұсынудың ең соңғы мерзімі аяқталғанға дейін алған болса. Өтінімдерді ұсынудың ең соңғы мерзімі аяқталған соң, оларға ешқандай өзгерістер енгізілмейді.

Конкурстық комиссияның отырысы басталғанға дейін конкурстық комиссияның хатшысы әлуетті жеткізушілер өкілдерінің құжаттамалы түрде ресімделген өкілдігін тексереді, бұлар өтінімдер салынған конверттерді ашуды жүзеге асыру кезінде әлуетті жеткізушілер мүдделерін білдіреді.

Ережеде белгіленген мерзімде ұсынылған өтінімдер салынған конверттер ашылуға жатады.

Өтінімге төмендегі құжаттар қоса беріледі:

- құқықтық қабілеттілікті (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іске жарамдылықты (жеке тұлғалар үшін) растайтын нотариалды түрде куәландырылған құжаттар;

- нотариалды түрде куәландырылған лицензиялар және/немесе патенттер, куәліктер, сертификаттар мен дипломдардың, әлуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндіру, қайта өңдеу, жеткізу және сату құқығын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

заңды тұлға ұсынуы керек:

